

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы КМҚК «Шуақты –Шұғыла» бөбекжай балабақшасы

Топ «Қошақан» кіші тобы

Балалардың жасы 2-3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 06 -10 наурыз 2023 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңертең балалармен амандасып, топқа кіргізу. «Менің анам» Мақсаты: Ана туралы түсіндіру. Өлеңді жатқа айтуға дағдыландыру. Сөздік қорын дамыту. Сөйлеуді дамыту Қоршаған ортамен таныстыру	Балаларды жақсы көңіл –күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау. Тыныс алу жаттығуы Демді ішке тартайық Енді «Ү-п» деп айтайық. Демді шығар қайтарып. Музыка		Балаларды жақсы көңіл – күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау. Тыныс алу жаттығуы Демді ішке тартайық Енді «Ү-п» деп айтайық. Демді шығар қайтарып. Музыка	Балаларды жақсы көңіл – күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау. Балаларға тапқарты қайталату арқылы қимылдар жасау. «Бес саусақ» жаттығуы Бір үйде біз нешеуіміз? Кел санайық, екеуіміз. Бас бармағым - папам, Балаң үйрек - апам. Орған терек - ағам Шылдыр шүмек - мен Титтей бөбек - сен. Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз. Қоршаған ортамен таныстыру
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру) кеңес беру.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа)	«Кітап бұрышына» саяхат жасау. Балаларды кітап бұрышына саяхат жасап, кітаптарды әр балаға беріп суреттерін қарап	«8 Наурыз ашық хаты» Мақсаты: Ашық хаттың суретін салуға үйрету. Сурет салу		«8 Наурыз ашық хаты» Мақсаты: Ашық хаттың суретін салуға үйрету. Сурет салу	«Саусақ» жаттығуы Бала, бала, балақай, Қол соғайық, алақай! Бір,екі,үш деп айтайық, Саусақтарда тартайық. Жалқау бала болмайық, Қолды қысып, ойнайық. Сөйлеуді дамыту

іс-әрекеттер)	тамашалау. Көркем әдебиет				
Таңертенгі жаттығу	Картотека № 7 «Көңілді петрушкалар» Б.қ. 1- қолды алға созу; 2- артқа жасыру; «Алақанды көрсетіп жасырамыз» Б.қ. –арқамен жатып, қол дене бойымен; 1-2 аяқ, қолды бірге түйістіре көтеру; 3-4 б.қ. келу; Б.қ. қолды артқа тіреп отыру; Тізені бүгіп қолымен құшақтау;Б.қ. келу; Б.қ. 1- қолды екі жанынан жоғары көтеріп шапалақ ұру; 2-б.қ. келу; (4 рет) Еркін орнында секіру- «Петрушкалар қуанады»				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау. Жегеніміз нан болсын! Айтарымыз ән болсын! Тамақ берген апайға, Айтарымыз оң болсын! Әумин!	Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету. Нан туралы тақпақ Нан қиқымын шашпандар, Жерде жатса баспандар Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастандар! Мақсаты: Балаларға таңғы астың , нанның маңыздылығы жайлы айту, тамақты тауысып		Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Жегеніміз нан болсын! Айтарымыз ән болсын! Тамақ берген апайға, Айтарымыз оң болсын! Әумин!	Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету. Нан туралы тақпақ Нан қиқымын шашпандар, Жерде жатса баспандар Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастандар! Мақсаты: Балаларға таңғы астың , нанның маңыздылығы жайлы айту, тамақты тауысып жеуге үйрету.

		жеуге үйрету.			
	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелерге келісу және т.б. Көркем әдебиет «Топ-топ» Топ-топ, топ басайық, Жалаудан күн жасайық. Жаса, жаса алтын күн Жаса, жаса жарқын күн. (балалар қолдарын соғады)	Қоршаған ортамен таныстыру «Жаттығулар жасайық» Тез қозғалып осылай Жаттығулар жасайық. Жақсылықты үйреніп, Жамандықтан қашайық.		Сөйлеуді дамыту Сурет салу «Сағат» Сағаттың тіліндей, Иліп оңға бір, Сағаттың тіліндей Иліп солға бір. Оң аяқ, сол аяқ, Жаттығу оңай-ақ. Сағаттың суретін саусақпен салу.	Қоршаған ортамен таныстыру «Жаттығулар жасайық» Тез қозғалып осылай Жаттығулар жасайық. Жақсылықты үйреніп, Жамандықтан қашайық.
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру		Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Музыка
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	№ 55 Көркем сөз. Көгершін Көк көгершін, көгершін, Көгершін келер жем үшін. Балалар жем себелік, Жем жесін де семірсін.	№ 56 Еңбек: Ойын алаңының қоқыстарын жинау. Өздеріне жүктелген жұмысты жауапкершілікпен атқару. Көркем сөз. Жұмбақ. Жылт-жылт еткен,		№ 57 Еңбек: Жәндіктерге нан қикымын беру. Көркем сөз. Құмырсқа батыр. Қимылдап жатыр. Алды да ырғап, Көтерді «бір қап» Құмырсқа қыстан, Шығады жырғап. Жалқауға күллі-	№ 58 Еңбек: Ойын алаңының қоқыстарын жинау. Өздеріне жүктелген жұмысты жауапкершілікпен атқару. Көркем сөз. Жұмбақ. Жылт-жылт еткен, Жырадан өткен. (су)

		Жырадан өткен. (су)		Құмырсқа үлгі.	
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен шешінуі. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Торғай мен мысық» Мақсаты: Балалардың қимыл – қозғалыстарын арттырып, ептілікке баулу.	Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қояндар мен қасқыр» Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалыстарын арттырып, ептілікке баулу.		Бір -біріне шешінуге көмектесу.	Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қояндар мен қасқыр» Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалыстарын арттырып, ептілікке баулу.
Түскі ас	Гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ас алдында айтылатын тақпақ: Ас дегенде отырып, Тәрбиешіні тыңдаймыз. Тамақ ішіп болған соң, Орнымызды жинаймыз.	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту)		Ас қайыру. Асың, асың, асыңа, Береке берсін басыңа!	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту)
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үлкендерді сыйлау» Әңгіме	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Бала, бала, балақан» Музыка		Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үй жануарлары» Әңгіме	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Бала, бала, балақан» Музыка
Біртіндеп ұйқыдан	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін				

ояту,сауықтыру шаралары	түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі).				
Бесін ас	Гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу (сөйлеуді дамыту).				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Қимылды ойын: «Ақ қоян» Мақсаты: балаларды ептілікке баулу. Қоянның суретін салу. Дене шынықтыру Сурет салу	Дене шынықтыру «Шынығамыз» Шаршасандар, балалар, Қолдарыңды созыңдар. Саусақтармен ойнаңдар, Қолдарыңды сермендер. Денелерің шынықсын, Саналарың тынықсын.		«Сипаттамасы бойынша тап» Мақсаты: ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа ұғымдарын бекіту.	Дене шынықтыру «Шынығамыз» Шаршасандар, балалар, Қолдарыңды созыңдар. Саусақтармен ойнаңдар, Қолдарыңды сермендер. Денелерің шынықсын, Саналарың тынықсын.
Балалармен жеке жұмыс	«Секіреміз топ-топ» Секіреміз топ-топ, Шапалақтап көп-көп. Иілеміз оңға қарай бір,екі,үш, Иілеміз солға қарай бір,екі,үш. Жансерік,Ералы	Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр» Мақсаты: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру. Адема,Көркем		«Кім шапшаң?» Мақсаты: Есту қабілетін дамыту. Балаларды дауысқа еліктіру. Мейір,Таир	Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр» Мақсаты: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру. Амир,Даниэль

Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу				
Серуен	№ 55 Көркем сөз: Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап. Бөлегесі томпайып, Шиық-шиық десіп отырады.	№ 56 Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру: 1.Жарысу. 2.Төбешікке секіру. Қимылды ойын: «Тышқан мен мысық». Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.		№ 57 Дербес ойындар: 1.Әткеншек тебу. 2.Ирек жолмен жүру. Қимылды ойын: «Допты қуып жет». Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.	№ 58 Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру: 1.Жарысу. 2.Төбешікке секіру. Қимылды ойын: «Тышқан мен мысық». Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.
Серуеннен оралу	Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті.				
Балалардың дербес іс-әрекеті	«Қай жерде шырылдады?» Мақсаты: Дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау. Сөйлеуді дамыту	«Бізге кім келгенін тауып ал» Мақсаты: Айтылу мен есту жағынанан бірдей сөздерді айыра білуге, дауыс ырғағын қадағалай білуге дағдыландыру. Кебір заттардың аттарын бекіту. Сөйлеуді дамыту		Жапсыру «Вагондарға дөңгелек таңдау» Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.	«Бізге кім келгенін тауып ал» Мақсаты: Айтылу мен есту жағынанан бірдей сөздерді айыра білуге, дауыс ырғағын қадағалай білуге дағдыландыру. Кебір заттардың аттарын бекіту. Сөйлеуді дамыту
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

Тәрбиеші: С.К.Сарсенбаева

Әдіскер: Н.А.Копесова

kont